

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БАЙҒАНИН АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
БАЙГАНИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ

Қарауылкелді ауылы

с.Қарауылкелды

«09» 02 2022 жылғы № 24

**Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша
көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау туралы конкурсын
ұйымдастыру және өткізу үшін конкурстық құжаттаманы
бекіту туралы.**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу Қағидаларының (бұдан әрі мәтін бойынша - Қағидалар) 22, 28 және 29-тармақтарын басшылыққа ала отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау конкурсын ұйымдастыру және өткізу үшін конкурстық құжаттамасы бекітілсін.

1) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушылар санаттарының тізбесі, тауарларды жеткізушіні таңдау кезінде-үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесі;

2) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма.

Көрсетілетін қызметті берушіні таңдау кезінде техникалық тапсырмаға өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға "әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысының нормаларына сәйкес келетін тағамдарды, сондай-ақ тағам порциясының массасын граммен көрсете отырып, білім беру органы бекіткен перспективалық мәзір қоса беріледі.

2. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы қазақ және орыс тілдерінде орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы:



Р.А. Хайырмуканбетов

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БАЙҒАНИН АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ**



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
БАЙГАНИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ**

Қарауылкелді ауылы

с.Қарауылкелді

«09» 02 2022 ЖЫЛҒЫ № 13

Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау туралы конкурсын ұйымдастыру және өткізу үшін конкурстық комиссияның құрамын бекіту және конкурстық комиссияның хатшысын айқындау туралы

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ Мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу Қағидаларының (бұдан әрі мәтін бойынша-қағидалар) 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-тармақтарын басшылыққа ала отырып, конкурсты ұйымдастыру үшін мынадай құрамда конкурстық комиссия құрылсын:

1. Хайырмақанбетов Руслан Арыстанович – комиссия төрағасы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бөлім басшысы.

2. Нысанова Айнур Уалихановна – комиссия мүшесі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу секторының жетекші есепшісі.

3. Султанова Анаргүл Тураровна – комиссия мүшесі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі материалды - товарлық жабдықтау секторының есепшісі.

4. Жұмабай Гүлжиған Сайлаубайқызы – комиссия мүшесі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің материалды - товарлық жабдықтау секторы жетекші есепші міндетін уақытша қоса атқарушы

5. Таңатарова Бақыт Жайлыханқызы – комиссия мүшесі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңгері.

6. Муканов Медет Рафаэльевич – комиссия хатшысы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу секторының есепшісі.

1.1. Конкурстық комиссия осы бұйрық күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және шарт жасалған күні өз қызметін тоқтатады.

1.2. Конкурстық комиссияның мүшелері өтінімдерді қарайды және жоқ комиссия мүшелерін ауыстырусыз дауыс беруге қатысады.

1.3. Конкурстық комиссияның мүшелері өтінімдерді қарайды және жоқ комиссия мүшелерін ауыстырусыз дауыс беруге қатысады.

2. Ереженің 17 және 18-тармақтарын басшылыққа ала отырып, конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін конкурстық комиссияның хатшысы болып бухгалтер белгіленсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы

Р.А. Хайырмақанбетов

